



МӘСЕЛЕ



ҚАЗАҚСТАН ӘУЕ КЕҢІСТІГІ ҚАНДАЙ КҮЙДЕ?

6-7

КАТАР-2022



ҮМІТ АҚТАМАҒАН ҮЗДІКТЕР КІМДЕР?

10

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР



СОҒЫМ ШҮЙГІН БОЛСЫН!

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

6.12.2022

Түнде:



-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, қар.

Күндіз:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8, екпіні 13 м/с

7.12.2022

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8, екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №144 (6279) 6 желтоқсан, сейсенбі, 2022 жыл.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

САНЫ ДА КӨБЕЙЕДІ, САПАСЫ ДА ЖАҚСАРАДЫ

Алматыға жаңа троллейбустар сатып алынады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға келген сапарында Алматы көшелеріндегі көлік жүктемесін жою жолдарын айта келіп, 2025 жылға қарай ескірген және экологиялық емес көлік түрлерінен толық бас тартуды тапсырған болатын.

3

САЛЫҚ

БІРЫҢҒАЙ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМ

Такси жүргізушілері мен курьерлер арнайы салық төлейтін болады



Енді такси жүргізушілері мен онлайн қызмет көрсететін курьерлер үшін арнайы салық енгізіледі. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлімдеді.

4

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грекия Республикасының Сыртқы істер министрі Николаос Дендиасты қабылдады.
- Мегаполисте «Қоғамдық көлік» жедел-алдын алу іс-шарасы басталды.
- Мүтедектігі бар адамдарға қызмет көрсету талаптары өзгереді.
- Жұмысынан айырылғандарға төленетін әлеуметтік жарна көлемі өседі.
- Еліміз бен Анкара арасында тікелей әуе рейстері қатынайды.
- Алдағы уақытта көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы өседі.
- Халықты жұмыспен қамту орталығы Еңбек ұтқырлығы орталығы болып қайта құрылады.
- Боксшыларымыз Алматыда титулдық жекпе-жек өткізеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грекия Республикасының Сыртқы істер министрі Николаос Дендиасты қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән беріліп, Қазақстан мен Грекия арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды. Тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Президент Грекияның Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер арасында маңызды серіктес елдердің бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ, екі ел көпжақты алаңдарда өзара тығыз қарым-қатынас жасап келе жатқанын жеткізді. «Грекиямен арадағы байланыстар біз үшін басымдық саналатынын тағы да атап өткім келеді. Біз өзара ынтымақтастық көрсеткіштерін жаңа деңгейге көтеру үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Николаос Дендиас екіжақты және көпжақты ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Біз Қазақстанды өңірдегі тұрақтылыққа кепіл болатын Орталық Азиядағы ең ірі және басымдыққа ие ел ретінде қарастыратынымызды атап өткім келеді. Грекия Сіздің еліңізбен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын», — деді министр.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 2022 жылғы 8 желтоқсанда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар бірқатар заң жобасын қарайды. Олардың бірі — «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» заң жобасы. Заң жобасы экспортты, импортты, кері экспортты, транзитті бақылаудың, сондай-ақ қосарлы және әскери мақсаттағы тауарлар саласында қызметтер көрсетудің ұлттық жүйесін жетілдіруге бағытталған. Одан бөлек, Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобасы шығарылды. Бұл құжат негізгі заң жобасындағы нормаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруді көздейді. Сенат отырысында қаралатын келесі заң жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». Бұл құжат мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіруді және жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қарастырады.

■ МӘЖІЛІС

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Мәжілісте өткен үкімет сағатында депутаттарға ҚР Әлеуметтік кодексінің жобасын, халықты жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдерін таныстырды.

Өзекті проблемаларды шешу үшін Әлеуметтік кодекс жобасында 3 бағыт көзделген. Біріншісі — еңбек нарығын либерализациялау (ырықтандыру). Бұл икемді жұмыспен қамтылудың барлық түрлерін, соның ішінде платформалық жұмысты тануды білдіреді. Екіншісі — жұмыс күшінің дағдыларын арттыру.

«Бүгінгі таңда дипломның болуы біліктілік деңгейінің көрсеткіші емес екенін мойындауымыз керек. Сондықтан жұмыс берушілердің көбісі нақты жұмыс өтілінің болуын талап етеді. Бұл жастардың жұмысқа орналасуына кедергі болуда. Осыған байланысты, ұлттық біліктілік жүйесін дамыту арқылы білім беру жүйесін жұмыс берушілердің талаптарымен байланыстыратын «Кәсіптік біліктілік туралы» заңның жобасы әзірленді. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің техникалық тапсырмаларына, яғни кәсіптік стандарттарына сәйкес әзірленетін болады», — деді Тамара Дүйсенова. Үшіншісі — жұмыспен қамтудың цифрлық орталықтарын қалыптастыру. «Бүгінгі күні азаматтарға жұмыс іздеу, жұмыссыз ретінде тіркелу, жұмысынан айырылған кезде арнайы төлемдерге өтініш беру процесстері толық цифрланып, Электрондық еңбек биржасы арқылы жүзеге асуда. Осыған байланысты Кодекс жобасында қазіргі жұмыспен қамту орталықтарын аймақтардың ерекшелігін ескере отырып, өңірлік еңбек нарықтарын дамыту жөніндегі барлық бастамалар мен бағдарламаларды үйлестіретін мобильді орталықтарға трансформациялау көзделуде», — деп қорытындылады министр.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары — сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалин әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңеске қатысушылар 2022 жылғы желтоқсанда және 2023 жылғы көктемде бағаның күрт өсуіне жол бермеу аясында қабылданып жатқан жедел және жүйелі шаралардың барлық спектрін қарастырды. Жедел шараларда делдалдарды анықтау және баға тізбегін талдау жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысына үлкен рөл берілді. Бұл комиссиялардың жұмысы әлі де нәтиже бермеді. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Жеңіс Өсербай тұрақтандыру қорлары жұмысында қолдануға болатын үш кезеңнен тұратын жаңа тәсілдерді ұсынды.

■ МИНИСТР

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламасы қабылданғаны жайлы айтты.

«Осыған дейінгі стандартта балаларды тәрбиелеу мен оқытуда шектеу қою, белсенді ойындарға уақыттың жеткіліксіздігі, партада ұзақ отыру басым болғанын атап өткім келеді. Жаңа стандарт мектепке дейінгі ұйымдарға ыңғайлы болуға, құндылықтар мен құзыреттіліктерді дамытуға және жас балалар үшін табиғи ойын үлгісін кеңінен қолдануға бағытталған. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру мазмұнын түбегейлі өзгертетін ең үлкен реформа деп айтуға болады», — деді Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов.

САЙЛАУ

ҮМІТКЕРЛЕР ІРІКТЕЛДІ



ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауға қатысты мәселелер бойынша Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Отырыс барысында ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға қойылатын Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституция-

лық заңымен қойылатын талаптарға сәйкестігі анықталды.

Жиын нәтижесінде Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы келесідей мәлімдеме жасады:

«Алматы қаласы Полиция департаментінің көші-кон қызметі басқармасынан және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің анықтамалары

негізінде, кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңымен қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына ұсынылған кандидаттардың құжаттарын қарастыра отырып, Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Жаниязова Жарқын Лепесқызы Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 2 және 3-тармақтарында, 51-бабы 4-тармағында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 4 және 70-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес.

Ильяшев Әлнұр Қайратұлы Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 2 және 3-тармақтарында, 51-бабы 4-тармағында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 4 және 70-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес емес.

Айта кеткен жөн, тиісті хаттамаларға Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері қол қойды.

БРИФИНГ

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Екпенің жұқпалы аурудың алдын алуға көп көмегі бар

Алматыда бір аптада коронавирус инфекциясын жұқтырған 187 адам тіркелді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова айтты.

Дегенмен де, спикердің айтуынша, мегаполистеги эпидемиологиялық жағдай қала «жасыл» аймақта тұр. СЭБД дерегіне сүйенсек, кейінгі аптада КВИ жұқтыру көрсеткішінің 1,2%-ға аздап өскені байқалады. Осылайша, алдыңғы жеті күнде 155 науқас тіркелген болса, осы жолы бір аптада 187 адам жұқтырған. Ковид науқастарын емдеуге бөлінген 450 төсектің 6%-ында ғана адам жатыр, яғни 27 науқас ем қабылдауда.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Соңғы 7 күнде инфекцияның негізгі ошағы ретінде сауда нысандары (33,3%), қоғамдық көліктер (41,6%), базарлар (5,4%) және басқа өңірлерге жолсапарлар (6,5%) болды», — дейді Ә.Қалықова.

Вирус жұқтырғандардың көпшілігі 20–39 жас аралығындағы тұрғындар (46,5%). Одан кейінгі орында 40–59 жас аралығындағы азаматтар (22%) тұр. Ал 60 және одан жоғары жастағылардың ковид жұқтыру көрсеткіші — 16%.

Ә.Қалықова осы орайда 6 ай сайын КВИ-ге қарсы вакцина алуға, адам көп жиналатын жерлерден мейлінше алыс жүруге, ал кісің қарасы көп орындарда бетперде тағуға және әлеуметтік арақашықтықты, тазалық гигиенасын сақтауға кеңес берді.

Алматыда ковидке қарсы вакцина мен ревакцинация қайдан алуға болады? Бұл сауалға брифинг барысында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық

сақтау басқармасы эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Владимир Юсупов жауап берді.

«Амбулаториялық-емхана желісіндегі медициналық ұйымдарда, оның ішінде жекеменшік медициналық орталықтарда тіркелген тұрғындарды коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау және ревакцинациялау жалғасуда. Қазір қалада «КазВак» және «Синофарм» вакциналары қолданылуда. Бүгіннен бастап тұрғындарды «Пфайзер» вакцинасымен иммундау жоспарлануда», — деді ол.

Жалпы, тұрғындарға ковидке қарсы екпе салу басталған 2021 жылдың 1 ақпанынан бері бүгінгі күнге дейін аяқталған вакциналау курсымен 1 313 040 адамның 1 млн 221 мың 152-сі қамтылды, бұл 93%-ды құрайды. Қалғаны Қазақстан Республикасынан кеткендіктен екпе алмаған болуы мүмкін. Олардың арасында екпенің екінші дозасы кезінде вакцинаға қарсы көрсетілімдері барлары да анықталған. Ал вакцинаның толық курсымен 640069 адам ревакциналанды.

«Бүгінгі таңда қаланың медициналық ұйымдарының балансында «КазВак» вакцинасының

7416 дозасы, SinofarmVeroCell вакцинасының 5633 дозасы және «Пфайзер» вакцинасының 25 740 дозасы бар», — деді В.Юсупов.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілі маусымдық тұмау туралы да айтып кетті. Өткен аптада ЖРВИ жұқтырған 23 995 адам тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 28,3%-ға төмен. Ауырып жатқандардың дені балалар (65,7%) көрінеді. ЖРВИ-мен ауыру апта сайын шамамен 20%-ға көбейіп отырады. Бірақ В.Юсупов Алматыда ЖРВИ-дің ауыр жағдайлары тіркелмегенін атап өтті.

Қалада жергілікті бюджет есебінен Ресейде өндірілген, тұмауға қарсы егілетін «Гриппол плюс» вакцинасының 210 000 дозасы сатып алынған. Нәтижесінде вирусты тез жұқтырып алуы мүмкін деген қатерлі топқа кіретін тұрғындар тегіс егілді.

Аталған топқа денсаулық сақтау мамандары, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, балалар мен сәбилер үйлерінің балалары, қарттар үйлерінің тұрғындары, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша 60 жастан асқан қарт адамдар, жүктіліктің 2 және 3 триместріндегі екікабат әйелдер, созылмалы аурулары бар адамдар, мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері кіреді.

Спикер жекеменшік медициналық орталықтарда өз қалтасынан төлеп, екпе алғысы келген басқа тұрғындарға және әртүрлі салаларда еңбек ететіндерге жұмыс берушілер есебінен тұмауға қарсы екпе жүргізілетінін де тілге тиек етті. Қала бойынша 9698 адам жұмыс берушілер есебінен вакцина алған болса, 3651 адам өз қаржысына вакцина салдырыпты. Спикерлер тұмауға қарсы екпенің жұқпалы аурудың алдын алуға көп көмегі барын тағы бір атап өтті.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

САНЫ ДА КӨБЕЙЕДІ, САПАСЫ ДА ЖАҚСАРАДЫ

Алматыға жаңа троллейбустар сатып алынады



Суретті түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

**Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Алматыда халық саны өскен сайын қоғамдық көліктерге деген сұраныс арта түсті. Сондықтан қала тұрғындары мен қонақтарының тұрмыс-тіршілігінде қалайшылық автобустардың маңызы зор.

«Алматыэлектротранс» ЖШС қалалық көлік жүйесінің маңызды бөлігі саналады. Бүгінде тасымалдаудың нарықтық сұранысын

қанағаттандыру, қызметтер сапасын арттыру және кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен көлік интеграциясын танымал ету мақсатында аталмыш мекеме атқаруы тиіс шаруа көп.

Бұл ретте «Алматыэлектротранс» ЖШС көлік паркін жаңартуды қолға алып, оған шамамен 13 млрд теңге жұмсамақ. Сала мамандарының айтуынша, бірінші партия келесі жылдың шілдесіне дейін жеткізілуі тиіс. Осыған орай Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы мемлекеттік сатып алу порталында «Алматыэлектротранс»

компаниясы үшін жаңа қалалық троллейбустарды сатып алу туралы хабарландыру жариялады.

Өтінімге сәйкес, Алматыға 50 электр автобусы келесі жылдың шілдесіне дейін, тағы 50-і 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін жеткізілуі тиіс. Хабарландыруда жаңа троллейбустарға қойылатын негізгі талаптар да көрсетілген. Талап бойынша троллейбустардың едені төмен орналасуы, үш есікті, ұзындығы 12 метрге дейін болуы тиіс. Сонымен қатар, әрбір көлік кем дегенде 90 жолаушыны қабылдауы (отыратын және тұрған орындарды ескере отырып) және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы болуы міндетті. Бір троллейбустың құны 127,9 млн теңгеден аспауы тиіс. Лоттың жалпы сомасы 12,7 млрд теңгеден асады.

Қазіргі таңда бұл тапсырысқа үш компания – шымкенттік T-Bus тасымалдаушысы, «Allur» сауда үйі» ЖШС және Hyundai Trans Auto автокұрастыру зауыты қызығушылық танытып отыр. Соңғысы өндіруші болып табылады және осы лотқа алтын Айдаһар түріндегі моншақтарды қоюды ұсынады. Тендерге қатысуға өтінімдер 29 қарашаға дейін қабылданады. Соңғы өндіруші компания осы лотқа Golden Dragon типті троллейбустарды жеткізуді ұсынып отыр. Тендерге қатысуға өтінімдер 29 қарашаға дейін қабылданады. Байқау нәтижелері туралы ақпарат желтоқсан айының басында жарияланады.

ЭКОАВТОБУСТАР КӨБЕЙЕДІ

Мегаполисте екі бағыт бойынша газбен жүретін автобустар жолға шықты



Алып шаһардағы жолаушылар тасымалы қызметін арттыру мақсатындағы жұмыстар жүзеге асып жатыр.

«Алматы қаласы мен Алматы облысы бір-бірімен тығыз байланысты. Бүгінде Алматы жолдарында үлкен жүктеме бар екенін әлі де байқап отырмыз. Сондықтан қала маңындағы қоғамдық көлікті дамытуға ерекше назар аудару қажет» деген ел Президентінің тапсырмасы Алматыда

жүйелі түрде қолға алына бастады.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасының хабарлауынша, 2 желтоқсаннан бастап қала көшелеріне Foton маркалы №202 және №205 маршруттар бойынша жаңа автобустар жолға шығады. Ведомствоның мәліметінше, 85-

тен астам жолаушы сиятын 12 метрлік автобустар газбен жұмыс істейді. Көліктер пандуспен және кондиционермен жабдықталған.

«Бұған дейінгі автобустармен 70 адамға дейін жолаушы тасымалдауға болатын. №202 маршрутта ЛиАЗ маркалы 15 автобус жүрді. Соңғы айларда автобустардың жоспарлы шығуы 40%-ға дейін төмендеді, осыған байланысты 20 жаңа автобусты іске қосу туралы шешім қабылданды», – делінген қалалық Мобильділік басқармасының хабарламасында.

Автопарк жаңартылғаннан кейін автобустар арасындағы интервал 15 минуттан аспайды деп жоспарлануда. Алдағы уақытта Сайран – Қаскелең автовокзалы бағыты бойынша жолаушылар ағыны айына 160 мыңнан 400 мың жолаушыға дейін ұлғайтылатын болады. №205 бағытында бұған дейін 18 автобус қызмет көрсеткен, онда жүйелілік 50%-ға дейін төмендеген болатын. Енді жолаушыларға Орбита – «Жетісу» базары бағыты бойынша қозғалыс аралығы 7–9 минутты құрайтын 25 жаңа автобус қызмет көрсететін болады. Сала мамандары жылжымалы құрамдарды жаңартып, маршрут 300 мыңның орнына айына 500 мың жолаушыға қызмет көрсетеді деп болжам жасап отыр.

ПРЕМЬЕРА



ЕҢ СЕНІМДІ ДОС

Алматыда «Тарлан» көркем фильмінің қазақстандық премьерасы өтті. Бұл картина Қазақстан мен Татарстан арасындағы алғашқы бірлескен туынды. Бүгінгі өзінде туынды әлем фестивальдерінің көбінен қанжығасы майланып, жүлделер жинап үлгерген.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Әлемдік премьерасы Оңтүстік Кореядағы ICAFF filming AWARD халықаралық кинофестивалінде көрсетіліп, онда «Үздік фильм» номинациясында бас жүлдені жеңіп алған болатын. Сонымен қатар, Испания, АҚШ, Италия, Түркия, Беларусь, Бангладештегі бірқатар кинофестивальдерге де қатысып, Қазан Халықаралық мұсылман кинофестивалінде «Көрермендер көзайымы» сыйлығына ие болды. Париж төрінен орын алған қазақстандық кинофестивальде де бағы жанды.

«Тарлан» – татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың әйгілі повесін негізге ала отырып, қазіргі заманға интерпретацияланған туынды. Фильм авторлары осы фильм арқылы көрермендеріне достық, мейірім, қайырымдылық, жасөспірімдерді дұрыс жолға салу және жеке тұл-

ғаны қалыптастыру сынды өмірлік құндылықтарды жеткізгісі келеді.

– Фильмде Ғалымжан Ибрагимовтың повесінде жазылған жылқымен достық арқылы баланы тәрбиелеу көріністері сақталған. Жылқы – жасөспірім кейіпкердің ең жақын досы. Себебі, жеткіншектің ата-анасымен тіл табысуы қиындай түседі, әкесі де өзін жақсы түсінбейтін секілді, құрдастарының мазағы да шыдатпай барады, жалпы оған бүкіл әлем қатыгез болып көрінеді. Ал ат – бәрі жақсы болады деген символ. Мен бұл фильмнің біздің жас көрермендерімізге олар үшін ең маңызды деген сауалдарға жауап табуға көмектескенін қалаймын, – дейді картинаның продюсері Алмагүл Тілеуханова.

Фильм ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Татарстан Республикасы Президентінің тапсырысы бойынша біздің елдің Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ КӨБЕЙЕДІ



Елімізде «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» наградталған аналар деген жаңа статус енгізілетін болды. Бұл жаңалықты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова хабарлады.

Мәжілістегі үкімет сағатында министр жаңадан әзірленген Әлеуметтік кодекс жобасын таныстырды. Кодекстегі жаңашылдықтардың бірі отбасын әлеуметтік қолдау жүйесіне қатысты.

«Бала күтіміне байланысты төлемдер мерзімі ұзартылады. Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейтіледі және олар «Алтын алқа», «Күміс алқамен» наградталған аналар

деген жаңа статуспен қарастырылады», – деді Т.Дүйсенова үкімет сағатында. Сондай-ақ, Президенттің тапсырмасымен 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен түскен табыстың 50 пайызы көлеміндегі бастапқы капитал отбасыларға қосымша көмек көзі болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЛЫҚ

БІРЫҢҒАЙ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМ

Такси жүргізушілері мен курьерлер арнайы салық төлейтін болады



(Соңы. Басы 1-бетте).

Министрдің айтуынша, Салық кодексіне шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлеріне бірыңғай міндетті төлемді енгізуге қатысты түзетулер енгізіледі. Осылайша 2023 жылы салық жүктемесін 33-тен 20%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр.

«Еңбек қызметін Яндекс Такси, Глово және т.б. сияқты онлайн платформалар арқылы жүзеге асыратын тұлғалар үшін арнайы салық енгізіледі. Сонымен бірге, салық агенттері тиісті төлемдерді жүзеге асыратын онлайн платформа операторларын анықтауы керек», – деп түсіндірді Тамара Дүйсенова.

Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыратын жұмыс берушілер үшін сақтандыру тарифтерін төмендету қарастырылған.

«Тарифтерді төмендету бойынша қабылданған шаралар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан және сақтандыру ұйымдарынан төленетін әлеуметтік төлемдердің көлемін кезең-кезеңімен ұлғайтумен ұштасады. Осылайша келесі жылдан бастап жұмысынан айырылған азаматтар 6 айға дейін бұрынғы табысының 45% мөлшерінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлемдер алады», – деді Тамара Дүйсенова.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

САЛЫҚ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҮГЕДЕКТЕР КҮНІ

Әлеуметтік қызмет орталығында мерекелік іс-шара өтті

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Халықаралық мүгедектер күніне орай «Шаңырақ» (Қарттар үйі) әлеуметтік қызмет орталығында мерекелік іс-шара өтті.

Жиында мемлекеттік мекеме басшылығы атаулы күнге орайластырылған спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады. Қатысушылар грамоталармен марапатталып, бағалы сыйлықтар алды. Мереке эстрада әртістерінің қатысуымен музыкалық концертпен сүйемелденді.

– Бүгінде біздің орталықта 87 адам тұрады. Бұл – бірінші және екінші топтағы мүгедектер. Атаулы іс-шара қарсаңында біз қонақтарымыздың арасында армрестлинг, нарды, шахмат және дойбы бойынша спорттық жарыстар ұйымдастырдық. Бүгін жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттап жатырмыз. Мұндай іс-шаралар мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамда өзін еркін сезінуіне мүмкіндік береді, – деді «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Тұрарбек Тұманшиев.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ПОЭЗИЯ КЕШІ



«ӨМІР-ӨЗЕН»

Мұхтар Шахановтың поэзиясы жер шарындағы 7737 сыйлыққа ие

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл айтулы ақын, Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері Мұхтар Шаханов 80 жасқа толып отыр. Осынау мереке аясында еліміздің барлық өңірлерінде сүйікті ақынмен кездесулер ұйымдастырылып жатыр.

Сондай сазды кештің бірі Алматыдағы Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия шаңырағында өтті. Мектеп ұжымы мен оқушылар қауымы «Өмір-өзен» атты поэзия кешінде Мұхтар Шахановпен кездесті. Қалың оқырман ардақты ақынын сағынып-ақ қалған екен. Ақынның әнін шырқап, зор құрметпен қарсы алды.

Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» кітабының негізінде «Желтоқсанның асықпаған ақиқаты немесе бес комиссия мүдесі» атты деректі фильм жарық көрген болатын. 1986 жылы Алматы қаласында болған Желтоқсан оқиғасының жұрт біле бермейтін, өз кезінде айтылмай қалған жұмбаққа толы сырларын бүкпесіз аша білген бұл деректі фильм маңызы мен мазмұны жағынан тарихымыздың катпарлы беттерін ашу жолына қосылған субелі үлес деуге әбден болады.

Желтоқсан қарсаңында өткен әдеби кеште мектеп мұғалімдері ақынның әнін шалқыта шырқаса, оқушылар жырын жатқа оқыды. Тіпті, бүкіл зал қосыла шырқағанда, ақынның өлмес жырларының мәңгілік екеніне көзіміз жетіп, көңіліміз қуанды. Ақынның жырларын мектептің бүкіл оқушылары жатқа біледі десе болады.

Бұл, әрине, көркем сөз

шебері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызының зор еңбегі. Сонымен, өзінің тілін құрметтейтін ұрпақтың өсіп келе жатқанына көңілі толған ақын сөз кезегін алды.

– Мен ең алдымен осынау кешті ұйымдастырып отырған мектеп ұжымына, жалпы баршаларыңызға алғысымды білдіремін. Өлеңді кез келген адамның жаза беруіне болады. Ал оның нағыз бағасын алу оңай шарауа емес.

Поэзия дегеніміздің өзі әлемдік деңгейде ешкім айтпаған ойларды айту. Мәселен, ЮНЕСКО деген біздің еңбектерімізге баға беріп отыратын ұйым бар. Сол ЮНЕСКО менің жырларымызды жер шарындағы поэзияның ең биігі деп бағалады. Бірақ мен ең жалқау әрі ең аз сыйлық алған ақын екенмін, – деп сөзінің соңын қалжыңға бұрды.

Шындығында, Мұхтар Шахановтың поэзиясы жер шарындағы 7737 сыйлықты алған екен. Осынау мерейтой аясында ақын туралы 60 серияға пара-пар фильм түсірілсе, бұлар шындықты ғана шыршылап айтып келе жатқан ақынның бүкіл болмысын аша түскені сөзсіз.

Мектеп басшысы Ақмарал Мағжанқызы уақыт бөліп кездесуге келген ақынға зор ризашылығын білдірді.

ПОЛИЦИЯ

ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ҚАЖЕТ

Қалада «Қоғамдық көлік» жедел-алдын алу іс-шарасы басталды

Жолаушылар көлігіндегі жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сондай-ақ, қоғамдық көліктер және таксилермен жолаушыларды тасымалдау талаптарының сақталуына бақылауды күшейту мақсатында Алматы қаласында 5–11 желтоқсан аралығында «Қоғамдық көлік» жедел-алдын алу іс-шарасы өтуде.



калық жағдайы мен конструкциясы қозғалыс қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін қоғамдық көліктер мен такси көліктерін пайдалануға тыйым салу шаралары қабылданатын болады. Заңсыз келімсектер мен заңсыз тасымалдаушыларды анықтау мақсатында көші-қон полициясымен бірлесіп транзиттік көліктерді тексеру қамтамасыз етіледі. Алдыңғы шептегі бөлімшелердің жеке құрамы бірнеше рет және жүйелі түрде құқық бұзушылық жасағаны үшін іздеуде жүрген адамдар мен көлік құралдарын анықтау мақсатында барлық тіркеу деректер базасында жүргізушілерді тексеру ұйымдастырылды», – деді. Әкімшілік полиция департаментінде.

Полиция өкілдері көлікті мас күйінде басқару, көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған жүргізушінің басқаруы, сақтандыруы жоқ адамның көлік құралын басқаруы, қарама-қарсы жолаққа шығу, қиылыстар мен жаяу жүргіншілер өткелдерін өту ережелерін бұзу, маневр жасау ережелерін бұзу, апаттық жағдай жасау, ұялы телефонды пайдалану, көлік құралының тоқтау және тұраққа қою ережелерін бұзуы, жолаушыларды және габаритті емес жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу, сондай-ақ, көлік құралының санатына сәйкес келмейтін габаритті емес жүктерді тасымалдау және т.б. деректерді анықтауға міндетті түрде баса назар аударылатынын түсіндірді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Қазіргі уақытта біздің қызметкерлер жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік кәсіпорындары мен жеке кәсіпкерлердің азаматтарды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеріп жатыр. Қаладағы қоғамдық көліктердің техникалық жағдайы мен балаларды тасымалдаумен айналысатын жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауына ерекше назар аударылып жатыр.

Сонымен қатар, заңсыз қайта жабдыкталған қоғамдық көліктерді, сондай-ақ техни-

МИГРАЦИЯ

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Шетел кәсіпкерлері үшін «Инвесторлық виза» ұсынылуы мүмкін. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.



бойынша үздік оқытушыларды, үздік ғалымдарды, тапшы кәсіптер бойынша мамандарды тарту мақсатында жеңілдетілген визалар мен 10 жылға тұру құқығы беріледі.

Екінші міндетті шешу үшін 300 мың АҚШ долларын немесе емес инвестиция салуды көздеген шетел кәсіпкерлері үшін «Инвесторлық виза» ұсынылатын болады.

«Үшінші міндетте көрсетілген тапсырмаларды шешу үшін «Атамекен» картасы енгізіледі, ол жоғары деңгейдегі кәсіпқой немесе өздері тұратын елдерде табысты

бизнес-кейстерді іске асырған және оларды Қазақстанда іске асыруды қалайтын этникалық қазақтарға берілетін болады. Ол азаматтар мерзімі 10 жылға дейін созылатын жеңілдетілген виза рәсімдеп, Қазақстанда тұрып өз кәсібін жүргізуге мүмкіндік алады», – деп хабарлады министр.

Шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың еңбек құқықтарын қорғау үшін азаматтарымыз ең көп жұмыс істейтін елдерде қазақстандық еңбек мигранттарының құқықтарына кепілдік беретін мемлекетаралық келісімдер пакетін қабылдау қарастырылды.



Досбол
АТАЖАН

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова ҚР Парламенті Мәжілісінде өткен үкімет сағатында көші-қон саясатындағы өзгерістер туралы айтты.

«Жаңа көші-қон саясаты 4 міндетті шешуді көздейді: сұранысқа ие кадрларды тарту, инвестиция тарту, шетелде тұратын этникалық қазақтардың әлеуетін пайдалану, шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың еңбек құқықтарын қорғау», – деді Тамара Дүйсенова.

Бірінші міндет аясында экономика салалары үшін сұранысқа ие технологиялар

ТОСЫН ОҚИҒА



ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Дәрігерлер ата-аналардан бала ойнайтын заттарға жіті назар аударуды сұрайды

Үш жасар бөбек ойнап отырып, қолындағы шынашақтай батареяны кенет аузына салып жіберіп, жұтып қойған. Ата-анасы жанұшыра дереу Алматы қаласы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығына жеткен.

ФГДС зерттеуі баланың асқазанында әлдебір заттың барын көрсетті. Дәлірек айтсақ, асқазанның төменгі жағында ұзындығы 4 сантиметрдей болатын батарея тұрғаны анықталды. Балалар жедел жәрдем бөлімінің дәрігерлері жедел іске кірісті. Батареяны жұтқаннан кейін қабыну процесі бірнеше сағат ішінде басталады. Ал бұл асқазанның немесе өңештің шырышты қабығының күйіп қалуына, тіпті осы органдардың перфорациясына әкелуі әбден мүмкін.

«Асқазанға түскен бөтен затты шығару кезінде ол өңештің жоғарғы үштен бір бөлігінен, дәл жоғарғы физиологиялық тарылу аймағында қайта-қайта сырғып кете берді. Содан біз батареяны жоғарғы үштен бір бөлікке жеткізіп, оның артына Фолей катетерін қоюды шештік. Бөтен зат Дормия кәрзеңкесінің (эндоскопиялық процедуралар кезінде қуыстағы тастар мен түрлі бөгде денелерді алып тастауға арналған құрал) көмегімен алынды. Содан кейін Фолей катетері үрленіп, эндоскоптық түтік және бөгде денені ұстап алған Дормия себетімен бірге асқазан мен өңештен сәтті шығарылды», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирург-эндоскопист дәрігері Мұрат Дүйсебаев.

Міне, әлгіндей тосын жағдайда жедел медициналық көмек пен дәрігерлердің тапқырлығының арқасында, қуанышқа қарай, балаға хирургиялық ота жасалған жоқ. Жыл басынан бері Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығына түрлі зат жұтып қойған 125 бала, ал қолындағысын мұрнына тығып жіберген немесе тамағында тұрып қалған 32 бала түскен. Көбінесе балалар тиын, әлгіндей батареяны, кішкентай ойыншықтарды жұтып қойып жатады. Ал өкпеден дәрігерлер негізінен жержаңғақ, тұқым, грек жаңғағы, қалам қақпағын табады.

Балалардың қолына түскенін аузына салатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан дәрігерлер ата-аналардан әлі есі кірмеген балақандарына мұқият қарауды, бала ойнайтын заттарға жіті назар аударуды сұрайды.

ТӘРБИЕ

Ойнап жүріп от баспайық

Өмір болған соң, ақ пен қараның қатар өрілетіні секілді, жақсылық пен жамандық та тең жүреді. Тек жақсылықта тасымай, жамандықта мойымасақ болғаны. Қаламызда кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер жазасын өтеп жатқан №11 мекеме, яғни балалар колониясы бар. Онда түрлі қылмыс жасап түскен жастар отыр.

Әрине, олардың бәрі де жасаған істеріне өкінеді, болашақта қайталағысы келмейді. Өке-шешенің жылы қанатының астында, бұрынғыдай емін-еркін, еркелеп жүргенді армандайды.

Әлгінде айтып кеткеніміздей, сәтсіздіктер кез келгеніміздің алдымыздан шыға келуі мүмкін. Ал оның жолын кесу үшін тәрбиелі, білімді, оның ішінде заң тұрғысындағы сауатымыз да жоғары болу керек. Алматы технология және флористика колледжінің өкілдері өздеріне жоғарыда сөз болған балалар колониясының қызметкерлерін арнайы шақырды. Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесіндегі сотталғандармен тәрбие бөлімінің қызметкерлері әділет майоры Жадыра Әбдүмүтәліпқызы мен әділет аға лейтенанты Сәбит Бектеміров «Балалық шақты бірге қорғайық» деген тақырып шеңберінде жасөспірімдермен еркін әңгіме-дүкен құрды. Мамандар жастарды жамандықтан алыс, ал жақсылық атаулыға жақын жүруге үндей отырып, ойнап жүріп от басып алмауға шақырды. Сондай-ақ, оларға заң, құқық деген ұғымдарды кеңінен түсіндірді. Кез келген адамның өз құқығын, жауапкершілігін білуге тиістігін тілге тиек етті. Кездесу барысында студенттердің сауалдарына да жауап берді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Ертең – өз өмірлерін аспанмен байланыстырып, әуе көлігімен жолаушыларды тасымалдап жүрген азаматтық авиация қызметкерлерінің айтулы мерекесі. Бұл күн БҰҰ Бас ассамблеясының шешімімен 1996 жылдан бастап жыл сайын атап өтіліп келеді. Авиация азаматтық авиация және әскери авиация болып екіге бөлінеді. Азаматтық авиацияға көліктік, санитарлық, оқу-спорттық, арнайы мақсатқа арналған, ал әскери авиацияға әуе күштері, теңіздік, армиялық, әуе шабуылынан қорғануға арналған ұшу аппараттары жатады. Еліміздің азаматтық авиация нарығы жыл сайын дамып келе жатқанымен, жолаушы тасымалы әлі күнге бірізділікке түсе қоймады. Бүгінде бұл салада әуе рейстерінің кешігуі мен билет құнының қымбаттауы ең басты мәселелердің біріне айналды.

Кешікпейтін рейс керек

Бүгінде елімізде 55 авиакомпания жұмыс істейді. Авиа-рейстерді аптасына 617 рейс жиілігімен 57 бағыт бойынша 6 отандық авиакомпания орындайды. Халықаралық рейстер аптасына 490 рейс жиілігімен 112 бағыт бойынша 28 елде орындалады. Олардың қатарында Түркия, БАӘ, Өзбекстан, Грузия, Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан, Қытай, т.б. мемлекеттер бар.

Азаматтық авиация комитетінің мәліметінше, 2022 жылдың 8 айында отандық әуекомпаниялар тасымалдаған жолаушылар саны 6,9 млн адамды құрады. Мәселен, Air Astana компаниясы шамамен 2,7 млн, FlyArystan 2,1 млн, ал «SCAT» авиакомпаниясы 1,8 млн жолаушы тасымалдаған.

Аталған кезеңде еліміздің әуежайларында қызмет көрсетілген жолаушылар саны 13,1 млн адамды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 13 пайызға артық (2021 жылы – 11,6 млн адам). Десе де, әуе тасымалының ұлғаюымен қоса, рейстердің кешігуі де жиілей бастаған. Рейстер бірнеше себеппен кешігіп шығуы мүмкін. Біріншісі ауа райының қолайсыздығы (қатты жел, тұман, боран және басқалары) немесе аяқ астынан туындаған және алдын алу мүмкіндігі жоқ техникалық себеппен, оған ұшақты ауыстыру да жатады. Кейде бір ұшақтың кесірінен одан кейінгі рейстер бірінен кейін бірі кешігеді. Мәселен, Ыстамбұл–Алматы бағытындағы рейс әуежайда жүк тиеушілердің жетіспеуінен бір сағатқа шегеріледі. Бұл ұшақта Алматыға жеткен соң әрмен қарай Қызылордаға ұшатын 30 шақты жолаушы бар. Тиісінше, транзит жолаушыларды әкету үшін Алматыдағы бортты кідіруге тура келеді. Соның кесірінен екі рейс кешіктіріледі. Жолаушылардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндірмеу үшін жүргізілетін жұмыстардан да кешігу болады. Кейде жолаушы ұшаққа мініп, кейін ұшудан бас тартуы мүмкін. Жағдайды ұшықтыратын факторлар қатарында Қазақстан әуежайларындағы ұшу-қону жолақтарын жөндеу, қарбалас мерзім кезінде әуежайлардың жабылуы және құстармен соқтығысудың көбеюі сынды себептер аталады. Air Astana мәліметінше, компания ұшақтарының құстармен соқтығысу саны өткен жылмен салыстырғанда 22,3%-ға өскен. Осы және басқа да мәселелерге байланысты ұшақ рейстерінің кешігуі орын алып тұрады.

Қазақстан Авиация әкімшілігіндегі тасымалдау департаментінің директоры Нұржан Малаевтың айтуынша, жыл басынан бері азаматтардан әуе компанияларының қызметіне байланысты мыңнан астам шағым түскен.

– Шағымдардың көбі Air Astana және FlyArystan компаниялары рейстерінің кешігуін, жолаушыларға тиісін қызметтер көрсетілмегендігі жайлы болды, – дейді ол. Биыл тамыз айында Air Astana басшылығы ұйымдастырған баспасөз конференциясында әуе компаниясы рейстердің кешігуі бойынша мәселе бар екендігін мойындады (конференция жөніндегі мақала газетіміздің 2022 жылғы 6 тамыздағы №90 нөмірінде жарияланған). Онда әуе компаниясының ұқыптылық көрсеткіші (кесте бойынша уақытылы ұшып-қонуы) 2015-2016 жылдары 92-91% болса, одан кейін бұл көрсеткіш төмендей берген. 2018-де 86%, 2020 мен 2021-де 85%, биыл жартыжылдық көрсеткіш бойынша 74%-ды құрады. Әсіресе, жазғы уақытта рейстердің кестесі жиі бұзылған. Наурыз айында жолаушылардың 87%-ы уақытылы жолға аттанса, маусым мен шілдеде бұл көрсеткіш 66%-ды ғана көрсеткен. Дегенмен, Air Astana басшылығы айтылған мәселені шешу үшін жұмыс істеліп жатқандығын да айтқан.

– «Air Astana-ның бүкіл командасы рейстерді уақытылы орындау үшін жұмыс істейді. Кешігулер санын азайту үшін және қызмет көрсету сапасын арттыру үшін біз рейстер санын қысқартып, Airbus A320 резервтік ұшағын бөлдтік. Сондай-ақ, рейстердің кешігуіне байланысты жедел желі аштық. Жолаушылар сағат 8.00-ден 24.00-ге дейін +7 (7272) 44-44-78 нөміріне хабарласа алады», – деп Air Astana компаниялар тобының президенті Питер Фостер хабарлаған болатын.

Өз кезегінде Азаматтық авиация комитеті де рейстердің кешігу мәселесін шешуге мән берген. Шілдеден бастап рейстердің кешігуі салдарынан жолаушылардың құқықтары сақталмағандықтан, қазақстандық авиакомпанияларға 8 мың АЕК (24 504 000) сомасына дейін айыппұл салынды. Бұған қоса ҚР ИИДМ ұйымдастырған «Ашық сағат алаңында» рейстер кешіктірілген жағдайда жолаушылардың жауапкершілігін күшейту жөніндегі қазіргі заңнаманы жетілдіру бойынша жоспарлар да айтылды. Айта кеткен жөн, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жолаушылар жұмсалған әр сағат үшін билет құнының 3% мөлшерінде (айыппұл түрінде) өтемақы алуға құқылы.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңына сәйкес рейстің

ЕРТЕҢ – АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ КҮНІ



ҚАЗАҚСТАН ӘУЕ КЕҢІСТІГІ

кешігуіне әуе компаниясы кінәлі болған жағдайда жолаушыларға салқын сусындар, ыстық тамақ, қонақүйде тұру мен оған барып, қайтуға дейін көлік тегін ұсынылуы тиіс», – деп ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің авиациялық тасымалдар басқармасының басшысы Әділет Көбенов әуе компанияларына нақты талапты түсіндірген.

Осы ретте айта кететін жайт, «Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңның 86-бабына сәйкес, егер рейс екі сағаттан астам уақыт кешіксе, жолаушыларға салқындатылған су берілуі керек. Төрт сағат кешіксе, ыстық тамақ берілуі тиіс. Түнде алты сағатқа немесе күндіз сегіз сағат кешіксе, қонақүйден орын берілуі керек. Егер әуе компаниялары заңда бекітілген осы қызметтерді көрсетпесе, «Әкімшілік құқық бұзушылық» кодексінің 567-бабына сәйкес айыппұл салынады.

Арзан билет арман ба?

Азаматтық авиация саласында көпшілікті қынжылтып жүрген мәселенің тағы бірі – билет құнының тым қымбат болуы. Осы мәселе жайында газетіміздің тұрақты оқырманы хат жолдаған болатын:

«Жазғы демалыста шет елге саяхаттауды жөн көріп авторлық түрмен жолға шықтым. Біз межелеген жерге бару үшін алдымен қарт Каспийдің жағасында орналасқан Ақтау қаласынан ұшуымыз керек болды. Пойызбен барсақ үлгермейміз, амалсыздан әуе көлігіне жүгіндік. 2,30 сағатта жетіп барғанымыз 50 мың теңге айналасында шықты. Қайтадан Ақтау қаласынан Алматыға ұшатынымыз осы ақшада шықты. Үлкен жолға шыққан біздерге бұл ақша қомалқты көрінді. Өзіңіз демалуға бара жатырсыз, дегенмен де өз елімізде-ақ жарты ақшамыз әуе билетіне жұмсалып кеткені көңілімізді қынжылтты», – дейді Дана Ақжолова есімді оқырман.

Мамандардың айтуынша, билет бағасы нақты бағыттар бойынша сұраныс пен ұсынысқа, маусымдық және тәуліктік сұраныстың ауытқуына, билет сатып алу кезіндегі борттағы жүктеменің артуына байланысты белгіленеді. Сондай-ақ, оның құны аэронавигациялық және әуежайдағы түрлі қызметтерден, авиа жанармай мен амортизациялық шығындардан құралады.

Бүгінде әуе билеттерінің бағасы арнайы реттелмейді, авиа тасымалдаушылар динамикалық баға белгілеуді қолданады. Былайша айтқанда, билеттердің құны нарықтағы сұранысқа қарай автоматты түрде реттеледі. Тек ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің талаптарына сәйкес бәсекелестікті қорғау бойынша ҚР заңнамасы бұзылған жағдайда ғана монополияға қарсы ден қою шаралары қолданылатын болады.

Айтылған мәселе бойынша Азаматтық авиация комитеті өзге пікірде. Олардың айтуынша, қазақстандық тасымалдаушылардың тариф құны шетелдік авиакомпаниялармен салыстырғанда едәуір төмен.

КЕРЕК ДЕРЕК

Әуе саласына қатысты қызықты деректерді назарларыңызға ұсынамыз:

- Басқарылатын әрі өз бетімен ұша алатын әлемдегі алғашқы ұшақ – америкалық ағайынды Орвил Райт пен Уилбур Райт құрастырған «Flyer 1» болды. Тарихтағы алғашқы ұшақ 1903 жылдың 17 желтоқсанында ұшты. Ал ағайынды Райттар әлемдегі ең алғашқы ұшқыштар ретінде танылды.
- «Ан-225», «Мрия» (арман) – әлемдік авиация тарихындағы ең үлкен және ең ауыр жүк көтеретін ұшақ. Әуе кемесі КСРО-да жобаланып, 1988 жылы Киев механикалық зауытында құрастырылған.
- Әлемде күн сайын ұшақтар 120 мың рейс жасап, шамамен 12 миллион жолаушы тасымалдайды. Күнделікті әр 2 секунд сайын бір ұшақ бір жерге ұшады немесе қонады.
- Сауд Арабиясында әйелдерге ұшақты басқаруға рұқсат етілген, бірақ оларға көлік жүргізуге болмайды.
- Халықаралық рейстерде ұшатын ұшқыштар диспетчерлермен тек ағылшын тілінде сөйлеседі.
- Биылдан бастап «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері Air Astana жолаушыларына сандық нұсқада қолжетімді.



«Азаматтық авиация комитеті өкілдері билет сататын сайттардағы қазақстандық авиакомпаниялардың халықаралық және ішкі бағыттардағы жол жүру құжатының бағасына салыстырмалы талдау жасады. Талдау барысында Астана – Алматы бағытындағы 30 қазандағы әуе билетінің құны 17 500 теңге мен 47 800 теңге аралығында екендігі белгілі болды. Ал Air Astana компаниясының Астана–Ыстамбұл–Астана бағытындағы 2 және 9 қараша күндердегі билет бағасы 274 000 теңгені құрап отыр. Бұл сәйкес дата мен сәйкес бағыттағы өзге шетелдік әуе компаниясының билет бағасынан екі есе төмен», – дейді ААК.

Сондай-ақ, таяу күндері ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев шетел лоукостерін тарту арқылы елімізде әуе көлігіне билет құны арзандайтынын айтқан.

«Қазір тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Бізде ұлттық оператор сегменті бар, сондай-ақ лоукостер сегменті ескерілген. Атап айтқанда, «ашық аспан» режимі аясында жолаушыларды тасымалдауға қатысты тиісті рұқсат тәсілдерін енгіземіз. Мәселен, лоукостерлер бір елден ұшып келіп, біздің ел арқылы басқа мемлекетке сапарлай алады, яғни Еуропаға немесе Түркияға әуе көлігімен бару мүмкіндігі қамтылмақ. Лоукостер болғандықтан, билет құны әлдеқайда арзан болады. Бұл қадамдарды келесі жылдан бастап іске асыру жоспарланып отыр», – деді Қ.Өскенбаев.

Осы орайда ел ішіндегі ең арзан билеттер мемлекет тарапынан субсидияланатын бағыттарда болатынын айта кеткен жөн. Биыл елімізде 23 ішкі бағытта орындалатын рейстер субсидияланды, бұл бағыттарда билет құны 8 мыңнан 25 мың



ҚАНДАЙ КҮЙДЕ?




теңге шамасында болды. Оның ішінде 6 бағыттың Алматы қаласымен байланысы бар: Алматы–Петропавл (25 мың), Алматы–Көкшетау (25 мың), Жезқазған–Алматы (20 мың), Алматы–Үшарал (10 мың), Алматы–Балқаш (14 мың), Алматы–Тараз (9 мың).

Әуе қауіпсіздігі маңызды

Пойызға мінуден тежелетін не көлікпен жүруге қорқатын адамдарды күнделікті көре бермейміз. Ал әуедегі ұшақты қолданбай, айналып өтуге тырысатын тұлғалар керісінше жиі кездеседі. Тіпті, әуе кемесіне байланысты қорқынышқа «аэрофобия» атты жеке термин берілген. Алайда, әлемдік зерттеу бойынша, ұшақ – жер бетіндегі ең қауіпсіз көлік. Әр жолаушы үшін ұшақ апатының құрбаны болу қаупі 11 миллионға шамамен 1 жағдайды құрайды, яғни барлық көлік түрлерінің арасындағы ең төмен көрсеткіш. Дәл осындай жол-көлік апатының қаупі 1:5000 екен. Дегенмен, көпшілік арасында әуе көлігіне деген сенімсіздік бар. Өкінішке қарай, көлік апаты жиі болғандықтан, оны адамдар қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Ал әр ұшақ апаты, әсіресе, жолаушы тасымалдайтын көлік кемелері апатқа ұшыраса, ол қоғамда үлкен резонанс тудырады.

ASN (авиациялық оқиғаларды бақылайтын халықаралық сайт) деректеріне сүйенсек, 1941–2022 жылдары Қазақстан аумағында азаматтық, әскери және ауыл шаруашылығы ұшақтарының қатысуымен барлығы – 89 әуе кемесінің апаты болған, оның 50-і адам шығынымен аяқталған (статистика тиісті кестеде көрсетілген). Жалпы 81 жыл ішінде Қазақстан аумағында болған ұшақ апатынан 804 жолаушы қаза тапқан. Ал ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің дерегінше, 2022 жылдың 8 айында жол-көлік оқиғасынан 874 ер адам, 320 әйел және 113 бала қайтыс болды. Яғни 80 жылдық әуе апатының көрсеткішінен жол-көлік оқиғасының бір жылдық есебі асып түседі.



ASN сайты ұсынған бір жылда қайғылы оқиғамен аяқталған апат кестесі

ҚАЛАЙ АРЗАНЫРАҚ БИЛЕТ САТЫП АЛУҒА БОЛАДЫ?

- 1) Бағаның белгіленуі ұшатын уақытқа байланысты, бірінші класс пен бизнес-класты күні бұрын брондауға кеңес береміз. Эконом-кластағы әуе билетін сатып алуды да ұзаққа созбаған жөн – мұны 2-4 ай бұрын орындаңыз.
- 2) ALA-ALA бағытындағы ұшаққа арналған ең арзан билеттер сәрсенбі және бейсенбі күндері қолжетімді. Әдетте, демалыс күндері олардың бағасы қымбатырақ болады.
- 3) Әр бағытқа жеке-жеке билет сатып алғаннан гөрі, бірден бару-қайту билетін сатып алған тиімдірек.

ASN сайтында жарияланған өзге де деректерге назар аударсақ, 1991 жылдан бері елімізде орын алған әуе апаттарының жалпы саны – 37, оның ішінде көбіне (25 рет) негізінен жүк тасымалына маманданған «Антонов» компаниясының ұшақтары жер құшқан. Сондай-ақ, 1991 жылдан бергі қайғылы әуе оқиғаларының 7-еуі Алматы әуе айлағында не қала маңында орын алған. 2019 жылғы 27 желтоқсан күні Bek Air әуе компаниясының Fokker-100 ұшағының жер үйге соғылуы – Алматыда орын алған соңғы әуе апаттарының бірі болды. Оқиғаны екі жылдан астам зерттеген комиссияның қорытындысы биыл сәуір айында ғана айтылды:

«Bek Air АҚ әуе кемесімен болған авиациялық оқиға ұшақ әуеге көтерілген кезде қанатының күш түсетін қасиеттерінің симметриясын жоғалтуы нәтижесінде орын алғаны анықталды. Соның кесірінен ұшақ ұшу-қону жолағынан көтерілгеннен кейін фюзеляжға құлап, қар басқан топырақтың бетімен оңға қарай ауып кеткен, одан кейін әуежайдың периметр бойынша қоршауын бұзып, аталған қоршаудан 9-10 метр қашықтықта орналасқан екі қабатты жеке меншіктегі құрылыс нысанына соғылған. Комиссия қорытындысына сәйкес, ұшақ қанатының күш түсетін қасиеттерін жоғалтуының себебі жер үстіндегі мұздандудың әсері болуы ықтимал», – деп хабарлады Азаматтық авиация комитеті.

Ал биыл елімізде жыл басынан бері бір ұшақ апаты болды. Ақпан айында «Ан-2» ұшағы Арал қаласынан оңтүстікке қарай 10 шақырым жерге қонған кезде өртенген. ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитеті хабарлағандай, оқыс оқиғадан зардап шеккендер болған жоқ.

Десе де, Қазақстанның қазіргі әуе қауіпсіздігі әлемде жоғары бағаланады. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкес биыл Қазақстанның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі 74%-дан 84%-ға дейін артты. Бұл көрсеткіш орташа әлемдік деңгейден 15% жоғары және Еуропа елдерінің деңгейімен сәйкес келеді. Атап айтқанда, еліміз Нидерланды (87%), Бельгия (87%), Португалия (87%), Чехия (87%), Латвия (86%), Дания (85%), Исландия (84%), Польша (84%), Словения (82%), Кипр (82%) сияқты елдермен бір қатарда.

Алдағы уақытта бұл көрсеткіш тек өсе береді деп сенеміз. 2019 жылғы Bek Air әуе компаниясына тиесілі Fokker-100 ұшағының тағдырын қайталамас үшін әр әуе компаниясы, әр әуежай мен әуе бортының қызметкері, жауапты мемлекеттік органдар өз міндеттерін аса мұқият атқарады деп сенеміз.

P.S. Қазақстан әуе кеңістігінің бүгінгі күйіне, ондағы негізгі сұрақтарға шолу жасап өттік. Біз көрсеткен өзекті мәселелер жауапсыз қалмайды деп үміттенеміз. Сондай-ақ, әуе кемесін басқарып, таңертең Алматыда ас ішіп, кешке Астанада қонатын ұшқыштарды және азаматтық авиация саласының барлық қызметкерлерін мерекелерімен құттықтаймыз!

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Елімізде **55** авиакомпания жұмыс істейді. Оның ішінде авиарейстерді **6** отандық авиакомпания орындайды.



2022 жылдың 8 айында отандық әуе-компаниялар тасымалдаған жолаушылар саны **6,9** млн адамды құрады.



Шілдеден бастап рейстері кешіккен қазақстандық авиакомпанияларға **8** мың АЕК сомасына дейін айыппұл салынды.



Елімізде **23** ішкі бағытта орындалатын рейстер субсидияланды.



Қазақстанның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі **84%**-ды құрайды. Бұл көрсеткіш орташа әлемдік деңгейден 15% жоғары.



???

ҚР Оқу-ағарту министрі
Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР

еркін күн тәртібін әзірлей алады



Бұдан былай мектепке дейінгі ұйымдар еркін күн тәртібін әзірлей алады. Мұның өзі тәрбиешілерге оқыту мен тәрбиелеуде әртүрлі тәсілдерді қолдануға, минут сайын қатаң кестеге байланбай, күні бойы балалардың ойын және оқу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім берудегі жаңа стандарт мәселелері туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады.

Министр мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен сапасы мәселелері бойынша Оқу-ағарту министрлігінің бастамаларына тоқталып, бұл қадамның Тәуелсіздік жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерткен ең үлкен реформа екенін атап өтті.

«Биыл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламалардың қабылдануы осы мәселедегі басты қадам болды. Баланың барлық аспекті бойынша «толық дамуы» бірінші орынға қойылған. Оның ішінде интеллектуалды, құндылық, әлеуметтік-эмоционалды және физикалық даму бар. Осы мақсатқа жету үшін стандартта бірқатар өзгеріс бар.

Біріншіден, оқу жоспарының икемділігі кестені және сағат жүк-

темесін қатаң реттеуді болдырмай арқылы қамтамасыз етілді. Енді мектепке дейінгі ұйымдар еркін күн тәртібін әзірлей алады.

Екіншіден, жаңа стандарт «ойын арқылы оқыту» қағидасына негізделген ерте жастағы балаларды дамытудың негізгі әдістемесіне қайта оралуға мүмкіндік береді.

Бұрын Үлгілік оқу жоспарларында сағат саны қатаң көрсетілетін. Мұндай әдіс сабақты кесте бойынша мектеп сабақтары сияқты ресми түрде өткізуге әкелді. Оған қоса, бұл балабақшаларға аттестация беру кезінде тексеру нысанасына айналды, өйткені стандарттың орындалуы жұмыс істеген сағат саны бойынша қатаң тексерілді. Сабақ түріндегі мұндай оқыту осы жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді».

Жаңа үлгілік оқу жоспарында мұғалімдер мен балалар арасындағы өзара іс-қимыл негіздері қарастырылған. Оларға балалардың сөйлеуін дамыту, кітап оқу, математика негіздерін үйре-

ту, шығармашылық және зерттеу жұмыстарымен айналысу бойынша күнделікті жұмыс кіреді.

«Бұл қызмет түрлерін үй жағдайында да дамыту маңызды екенін атап өткім келеді. Мысал келтіре кетейін. TIMSS 2019 зерттеуінің нәтижелері көрсеткендей, ата-анасы ерте жастан кітап оқуға, танымдық ойындарға, жазуға, санауға және сызуға «жүйе» үйрететін 4-сынып оқушылары ата-аналары «анда-санда» ғана айналысатын балаларға қарағанда математикадан 15 ұпайға жоғары жинайды», – деп түсіндірді министр.

Сонымен бірге, стандартта балаларды ұлттық, отбасылық құндылықтарды, отансүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке, еңбекке, т.б. тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістері көрсетілген. «Тәрбиеші баланы нәзік дұрыс, нәзік бұрыс екенін түсінуге, сыпайы және мейірімді болуға, дос болуға, құрметтеуге, көмектесуге, бөлісуге, қызығушылық танытуға, қоршаған әлемді бақылауға, зерттеуге және т.б. үйретеді. Қорыта келгенде, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда бұрынғы стандартта шектеу қою, белсенді ойындарға уақыттың жеткіліксіздігі, «партада» ұзақ отыру басым болғанын атап өткім келеді. Жаңа стандарт мектепке дейінгі ұйымдарға ыңғайлы болуға, құндылықтар мен құзыреттіліктерді дамытуға және жас балалар үшін табиғи ойын үлгісін кеңінен қолдануға бағытталған. Мұның бәрі баланың мектепте оқу дайындығын және алдағы білім жолы мен өмірінде жетістікке жетіп, жан-жақты дамуына әсер етеді», – деп түйіндеді Асхат Аймағамбетов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).



ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
ақын, публицист,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының және
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының
лауреаты, мәдениет
және қоғам қайраткері,
Журналистика
академиясының
академигі



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ!

Менің даусым, саған елім, жетер ме,
Тамағымды кенедім бе бекерге.
Тыныш жүріп, тымырайып бас бақпай,
Тиістім бе тымырсыған бөтенге?

Не де болса өз үнімді шығардым,
Шындықты айттым, соным үшін сыналдым.
Қаупімді айттым, қарабастың қамы емес,
Тереңдегі тілегімді ұғар кім?

Мен айтпасам, сен айтпасаң, кім айтар,
Өгей айтар, өтірігі мұнайтар.
Мысық тілеу мақтағандар есепшіл,
Ақын айтса адал айтар, шын айтар.

Жаныңды ұқтым, жайыңды ұқтым, қалың ел,
Сына мені, тезге салып, тағы көр.
Бүтін ұста, күтіп ұста іргенді,
Таныр болсаң дұшпаныңды танып өл.

Қалың елім, көзге түсер беттесің,
Тек намысың қалғып-ұйықтап кетпесің.
Көре алмастың көзі бізге жетпесің,
Тәуелсіздік Бәйтерегі көктесің.

Алып ел мен кіші барын ұмытпа,
Дұшпаныңның іші барын ұмытпа.
«Үй менікі» деген кезде абай бол,
Үй сыртында кісі барын ұмытпа.

Құлағанда сынағанды ұмытпа,
Күлшең барда ұнағанды ұмытпа.
Тайқазанды тартып алып талтүсте,
Тамам елің жылағанды ұмытпа.

Сайқал сөздің қыздырғанын ұмытпа,
Тарихыңды сыздырғанын ұмытпа.
Ата-бабаң жатқан жерді тың айдап,
Трактормен бұздырғанын ұмытпа.

Ойы арамның ормандығын ұмытпа,
Қызғаныштың толғандығын ұмытпа.
Иманыңды Иван қылып иіріп,
Тілің тұтқын болғандығын ұмытпа.

Көріп тұрып, бермегенді ұмытпа,
Көңіліңді жерлегенді ұмытпа.
Күліп тұрып, кекесінін жасырып,
Ту сыртыңнан пышақ ұрды, ұмытпа.

Жат пейілді ағаладың, ұмытпа,
Тағдырыңды тағаладың ұмытпа.
Өз жерінде өгей болып күн кешіп,
Жетім бұрыш жағаладың ұмытпа.

Өткен жылдар осыны айтып тұр бүгін,
Тәубе, тағдыр, Азаттығым – нұрлы күн.
Өз қолыңда еркіндік пен билігің,
Өз қолыңда Алла берген тірлігің.

Есік аштық алыс пенен досқа сан,
Жетім күнмен күліп тұрып қоштасам.
Байлық, барлық, билік, бақыт, бағың да,
Азаттықтан қымбат емес ешқашан.

Озған жылдар өнегесін жолдайды,
Отқа жансын, суға батсын сол қайғы.
Тәуелсіздік болу үшін мәңгілік,
Ұмытпасты ұмытуға болмайды!

Қалың елім, қадірімді кел, екше,
Ел дегенде елеңдеймін ерекше.
Жалған айтып, неге керек, сертім сол,
Жанымды да берем саған керексе!

Кірдім талай теңдік үшін додаға,
Қалған жоқпын жанға жайлы жағада.
Қалың елім,
Қара орманым,
Сертім сол:
Менің жаным сендер үшін садаға!



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



Оқушылар сарайының балалар музыка мектебінде білім алып жатқан жас таланттардың бай қоржыны тағы да бір жүлдемен толықты. Еліміздің барлық өңірлерінен жиналған жас дарындармен өнер бәсекесіне түсті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы республикалық «Жас саңлақ-2022» байқауына қатысушылардың қатары қалың болды. Сондықтан олардың арасынан суырылып шығып, орын алудың өзі үлкен жеңіс екені белгілі. Бұл жолы Оқушылар сарайының өнерпаз оқушылары Гран-приді жеңіп алып, Алматының абыройын асқақтатып қайтты.

Байқаудың Бас жүлдесіне Қазақ халық аспаптары ансамблі мен Сафиев Дамир ие болды. Сонымен қатар, байқаудың I орыны да Оқушылар сарайының жас өнерпаздарына бұйырды. Бұл жүлделі орынды Аздер Іңкәр, Бөрібай Мұхамедали, Алтынбек Армина, Аздер Іңкәр және Бөрібай Мұхамедали дуэті иеленсе, II орынды Хамзина Алтынай,

ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Алматының Оқушылар сарайының
өнерпаздары бәйгенің бас жүлдесіне
ие болды



Кенжеғалиева Әсем, Елемес Акерке жеңіп алды. Өнерпаз оқушылардың педагогтары Райхан Әбікешева, Шолпан Рауандина, Аялуым Жұмақан, кон-

цертмейстерлер Дана Роселбаева, Мәдина Каденовалардың еңбегі де ескерусіз қалмады. Олар байқаудың арнайы Алғыс хатымен марапатталды.



ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

«БАСКЕТБОЛДЫҢ БӘЙТЕРЕГІ»

даңқты қазақ еліміздің тарихындағы тұңғыш Олимпиада чемпионы

Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов жарық дүниемен қоштасып, мәңгілік мекеніне аттанды. Есіл ердің мезгілсіз қазасы көпшіліктің қабырғасына батады. Өйткені, Әлжандай азамат нағыз ұлықтауға тұратын ұлтымыздың мақтанышы еді. Жұлдызы жат жерде жанған спортшының қадіріне жете алмағанымыз қынжылтады. Енді ол туралы тек естелік қана жаза аламыз.

Әлжан Жармұхамедов туралы естеліктердің бірінде даңқты баскетболшының тек спортшы ғана емес, интеллектуал, жан-жақты білімді адам болғаны айтылады. Осы пікірді айтқан белгілі спорт журналисі Қыдырбек Рысбектің 1989 жылы «Лениншіл жас» газетіне «Баскетболдың бәйтерегі» атты көлемді мақаласы жарық көрген еді. Осы мақаласында автор Әлжан Жармұхамедовтің қазақтан шыққан алғашқы Олимпиада чемпионы екенін дәлелдеп, республикалық басылымда ресми түрде тұңғыш жария қылған болатын. Бұдан кейін де спортшымен сан мәрте жолығып, сұхбаттасқан журналист бұл жолы әлеуметтік желіде жүрек тебірентерлік естелігін жариялады.

«Кітабы қолынан түспеген интеллектуал, баскетбол тәрізді қым-қиғаш математикаға, шым-шытырық тактикаға құрылған ойынның академигі десе жарасатын қарағайдай ағамның қазасы екі көзден ыстық жасты парлатты. Бірақ Алланың бұйрығына қарсы келуге шарият тыйым салады. Қазақ атам мұндайда пенденің талқаны таусылыпты, дәм-тұзы түгесіліпті дейді. Жалған дүние!», – деп жазды Қыдырбек Рысбек.


Аты аңызға айналған атақты баскетболшының лақап аты – Түркістан жылан болатын. Еңсегей бойлы алып спортшының бойы 2 метр 7 сантиметр еді. Ол қатардағы көп спортшының бірі емес, XX ғасырдағы ең атақты қазақ спортшысы.

Әлжан Жармұхамедов 1944 жылы 2 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданы, Табақсай ауылында

дүниеге келген. Спортшының өмірбаяны туралы жазылған деректерде оның ұлты кейде орыс, татар, өзбек деп көрсетіліп жүрді. Бірақ ол кісі өзінің қаны да, жаны да қазақ екенін өз аузымен айтқан. Әкесі Жармұхамедов Мүсірбек Байұлы тайпасының Жаппас руынан, шешесі – Прасковья Жеронкина-Жармұхамедова.

Спортшының өмірбаянына үңілсек, Әлжан мектеп бітірген соң, екі жылдай Шыршық қаласында зауытта жұмыс істеген. Зауыттың дене тәрбиесі инструкторы ұзын бойлы жігітті көріп, баскетбол секциясына шақырады. Осыдан кейін жаттықтырушысы Роман Салетдиновтің ұйғарымымен 1963 жылы Ташкенттегі физкультура институтына түсіп, 1967 жылы дене тәрбиесі оқытушысы мамандығын иеленеді.

КСРО-ның бірінші лигасындағы СКА спорт клубында және Өзбекстан құрама командасында өнер көрсетіп, тәжірибе жинақтаған. Атақты жаттықтырушы Александр Гомельский ЦСКА спорт клубына қайта-қайта шақырып, Әлжан ауысуға келісім бермегендіктен, 1968 жылы Мехико Олимпиадасына құрамаға алмай қойған. Мәскеуге барғысы келмей, 1969 жылы Алматы қаласының «Локомотив» командасына шақырту алып, жарты жылдай өнер көрсетіп, Ригада болатын кәсіподақтың Спартакиадасына Қазақстан атынан өнер көрсетуге Өзбекстан жағы рұқсат бермеген. 1969 жылдың 26 қарашасында КСРО Қорғаныс министрі маршал Соколовскийдің қолынан хат келіп, Әлжанды еріксіз Мәскеудің, ол кезде құрама команданың



базасы болған атақты ЦСКА командасына алып кеткен. Осы командада бақандай он бір жыл шабуылшы болып ойнады.

Команда құрамында және КСРО құрамында тоғыз рет ел чемпионы, үш рет Еуропа чемпионы және 1972 жылы Олимпиада чемпионы атанған. Ең есте қалар сәттерінің бірі – Мюнхен Олимпиадасында американдықтармен финалда ойнап жатқанда, ойын бітуге үш секунд қалғанда С.Белов есепті 51:50 жеткізіп, КСРО құрамасы Олимпиада чемпионы атанған. Сол жұлдызды команданың капитаны – даңқты қазақ өз елінің тарихында тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды.

Баскетболмен айналысуды аяқтағаннан соң, Әлжан Жармұхамедов бес жыл бұрынғы ГДР елінде, кеңес әскерлері құрамында жаттықтырушы қызмет атқарып, 1987 жылы Алматы қаласындағы СКА клубына баскетболдан қызмет табылмағандықтан, мылтық атудан жаттықтырушы болып қызмет етті. Алматыдан мамандығы бойынша жұмыс табылмай, бірінші Ташкентке, содан Мәскеуге қайта оралып, С.Белов екеуі Ресей құрама командасын жаттықтырып, 1994 жылы Канадада әлем біріншілігінде күміс медальға,

ӨМІРДЕРЕК

- * Баскетболдан Мюнхен Олимпиадасының жеңімпазы (1972).
- * Монреаль Олимпиадасының қола жүлдегері (1976), яғни қатарынан екі Олимпиада ойындарында олжа салған тұңғыш қазақ саңлағы.
- * Әлем чемпионатының күміс (1978) және қола (1970) жүлдегері.
- * Дүниежүзілік универсиададың жеңімпазы (1970).
- * Еуропаның 3 дүркін чемпионы (1967, 1971, 1979).
- * Еуропа Суперкубогінің иесі (1971).
- * Кеңес Одағының 10 мәрте чемпионы (1970–1980).

1997 жылы Еуропа біріншілігінде қола медаль алуға қол жеткізген.

Әлжан Жармұхамедов қазақ еліне деген сағынышын, сүйіспеншілігін сұхбаттарында әрдайым айтып отыратын.

«Қазақстанға әрдайым қуана-қуана келемін. Бұл менің ата-бабамның жері. Туған жерім Оңтүстік Қазақстан облысына жыл сайын барамын. Қазақстанға көшу туралы ойым 1967 жылы болды, сол кезде мені Алматыға шақыртқан «Локомотив» командасы бар еді. Келіп, жарты жылдай қонақүйде тұрдым. Кеңес Одағының Баскетбол федерациясы маған рұқсат алып беруге тырысқан, бірақ сол күйі бермеді. Себебі, маған Өзбекстан жоғары деңгейде таласты. Одан кейін мен Мәскеудің ЦСКА-сына кеттім. Карьерамда жоғары нәтижеге жеткенім осы қадамымның арқасы шығар», – деді сұхбаттарының бірінде ол.

Міне, өмірден осындай тау тұлғалы батыр өтті. Жатқан жері жарық болсын дейміз!

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

ЮНЕСКО

ҰЛТТЫҚ МҰРАЛАР
ТОПТАМАСЫ

«Ортеке» биі мен Қожанасырдың ауызша фольклоры ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілді

Марокконың астанасы Рабат қаласында ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің 17-ші сессиясы өтті.

Аталған сессияда Комитет 46 номинацияны қарастырып, олардың 20-сы ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілді, оның ішінде «Ортеке» биі мен Қожанасырдың әзіл әңгімелері бар. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ортеке – қуыршақ музыкантына бір жіппен байланған тау ешкісінің ағаш мүсіншесін қолданатын музыкалық-қуыршақ өнері. Қазіргі уақытта түріктердің бұл ежелгі өнері қуыршақ-музыкалық мәртебеге ие, өйткені мұнда көркем шығармашылықтың бірнеше түрлерінің синтезі байқалады: сәндік-қолданбалы өнер, музыка, би және қуыршақ жүргізу өнері. Ортеке жай ғана би емес, көрермендердің көз алдында өрбіген тұтас оқиға.

«Қожанасырдың әзіл әңгімелері» элементін Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан және Өзбекстан бірлесіп енгізді.

Қожанасыр немесе Қожа Насреддин – Шығыс фольклорлық кейіпкері, қысқа әзіл-сықақ және сатиралық миниатюралар мен



әзіл әңгімелердің, кейде тұрмыстық ертегілердің кейіпкері. Ол анти-қаһарман, қаңғыбас, еркін ойшыл, бүлікші, ақымақ, диуана, айлакер, алаяқ және тіпті философияның ішкі қайшылықты бейнесін біріктіреді, адамның зұлымдықтарын, сарандарды, арысздықтар мен екіжүзділерді мазак етеді.

ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне осыған дейін 11 элемент енгізілген, оның ішінде төртеуі қазақ ұлттық мәдени мұрасына қатысты: «Қазақтың дәстүрлі домбырада күй орындау дәстүрі» (2014), «Қазақ күресі» (2016), «Асық ату ұлттық ойыны» (2017), «Қазақ жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері» (2018).

«Киіз үйді жасау» (2014), «Айтыс өнері» (2015), «Наурыз» және «Қатырма» (2016), «Қорқыт ата мұрасы» (2018), «Тоғызқұмалақ» (2020) және «Құсбегілік» (2021) секілді ұлттық элементтер бірнеше елдің ортақ мәдени мұрасы ретінде енгізілді.

ТЕАТР



ЕКІ ПРЕМЬЕРА!

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры Түркия мемлекеті, Бурса қаласында өткен XXVI Халықаралық балалар мен жасөспірімдер театрларының фестивалінде бақ сынады. Дүбірлі додаға қазақ классикасы «Қарағөз» (реж. Ф.Молдағали) спектаклімен қатысты.

Түркі жұртын ұлттық қойылыммен тандандырған театр ұжымы аталмыш спектакльмен тағы бір Халықаралық додаға шақырту алып отыр. Театрдың жаңалықтары жақында өтетін жаңа премьералармен жалғаспақ. Театр режиссері Д.Жұмабаева сахналайтын «Ақ кеме» (авт. Ш.Айтматов) спектаклінің премьерасы 17 желтоқсан күні өтеді. «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Төрекүлұлының айтулы шығармасы балалар мен жасөспірімдер театрының

репертуарынан лайықты орын алары сөзсіз. Сонымен қатар, 21 желтоқсан күні театр репертуарын тағы бір жаңа спектакль «Дильфизо мен Донадо» (реж. К.Бесолти) толықтырады. Эксперименттік бағытта қойылатын спектакль жаңаша ізденістерді күтетін көрермендеріміз үшін қызықты болары анық.

Ең айтулы жаңалықтардың бірі, театр ұжымы 2023 жылы мамыр айында Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласында өтетін А.Чехов атындағы Халықаралық театр фестиваліне репертуардағы «Құлагер» (реж. Ф.Молдағали) спектаклімен қатысуға шақырту алды. Әлем театрлары өнер көрсететін бұл фестивальде Ғ.Мүсірепов театрымен қатар, Аргентина, Чили, Бразилия, ЮАР, Индия, Қытай, Қырғызстан, Россия, Белоруссия, Вьетнам елдері де бақ сынасады. Елімізде және шетелдік театр фестивалдерінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өнер көрсетіп жүрген театрдың жеңісті күндері мен жағымды жаңалықтары көп болғай.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



КАТАР–2022

ҮМІТ АҚТАМАҒАН ҮЗДІКТЕР КІМДЕР?



Бұған дейінгі ойындардың бәрі жай ғана репетиция. Әлем чемпионаты енді басталды. Кіл мықтылар қатысып жатқан жаһандық додада ширек финалға жолдама алған алты команда белгілі. Бүгін тағы екі құраманы анықтаймыз. Қайсысының чемпион болары, расымен де, бәрімізге қызық.

Нидерланд және Аргентина, Франция мен Англия құрамалары ширек финалда кездеседі. Екеуі де финалға бергісіз от ойындар. Кеше Жапония – Хорватия, Бразилия – Оңтүстік Корея текетіретері арқылы 1/4-финалдың тағы бір жұбы анықталды. Бүгін түнде Марокко мен Испания және Португалия мен Швейцария құрамалары кездесіп, ширек финалдың командаларын толықтырады.

Дегенмен, биылғы Әлем чемпионатында ойындары көпшіліктің көңілінен шықпай, жанкүйерлерінің үмітін ақтамаған құрамалар да жетерлік. Әлбетте, плей-офф кезеңінде ешкімнің қателікке құқы жоқ. Алайда, топтық кезеңнің өзін қатырмағандар бар. Сондай құрамалардың ТОП-5 антирейтингін түзген едік.

№5. МЕКСИКА

Мексика, әлде Сербия. Қайсысын ТОП-5 антирейтингке қосу жайлы ұзақ ойландық. Екеуі де деңгейлес, мықты командалар. Дегенмен, Сербия – жастау құрама. Ал Мексика 1990 жылдан бері Әлем чемпионатына үзбей қатысып келеді. Оның үстіне, әрдайым плей-офф кезеңіне шығып жүрді. Алайда, биыл топтық кезеңнен әрі аса алмады. Бір доп жетпеді. Егер соңғы турда Сауд Арабиясының қақпасына тағы бір гол соққанда, онда Польша емес, кеше Францияға қарсы Мексика ойнайтын еді.

№4. ДАНИЯ

Каспер Шмейхель, Симо Кьер, Андреас Кристенсен және Кристиан Эриксен бастаған Дания ұлттық құрамасы «D» тобында Франциядан кейінгі екінші орынды иемденеді деп күтілген. Алайда, «Дат динамиті» Әлем чемпионатын сәтсіз бастап, бірінші турда Туниспен тең түсіп қалды. Одан кейін Францияға қарсы тәп-тәуір ойнағанымен,

Килиан Мбаппенің аяғына тұсау бола алмады. Ал үшінші турда Данияға жеңіс қажет болатын. Қарсыласы – Аустралия. Жанкүйерлер Данияның ірі жеңісіне сенді. Таблода қажетті есепті тіркейді десті. Бірақ Каспер Юльманнның шәкірттері аустралиялықтардан жеңіліп, мундиальді ерте аяқтады.

№3. УРУГВАЙ

Португалия, Оңтүстік Корея және Ганамен бір топқа түскен Уругвай құрамасы бұл топта кем дегенде екінші орынды иемденуі тиіс болатын. Оған себеп те жоқ емес. Құрамы өте қарымды. Бір ғана Федерико Вальверденің өзі не тұрады?.. Оның қасына Родриго Бентанкур, Дарвин Нунес, Рональд Араухо, Факундо Пельистри сынды мықтыларды қосыңыз. Бірі «Реалда», екіншісі «Тоттенхэмде», үшіншісі «Барселонада» және тағы бірі «Манчестер Юнайтедте» ойнайды. Сондай-ақ, Луис Суарес, Эдинсон Кавани сынды «кәрі қасқырлары» бар. Алайда, Катарда Диего Алонсо шәкірттерінің өте сүренсіз ойындарын көрдік. Тіпті, «Реалда» жасындай жарқылдап жүрген Вальверденің өзі де командасын сүйрей алмады. Бұған бір жағынан, ойыншылар-

ды алаңда дұрыс орналастырмаған бапкерлер алқасы да кінәлі. Нәтижесінде топтық кезеңді үшінші орынмен аяқтады. Рас, соңғы турда Гана қақпасына тағы бір гол соққанда кеше Бразилияға қарсы Оңтүстік Корея емес, уругвайлықтар ойнайтын еді. Бір жағынан кәрістер де соңғы турда португалдарды ұтып, ерлік жасады.

№2. БЕЛЬГИЯ

Бельгия құрамасының «алтын буыны» 2018 жылмен бірге келмекке кеткен секілді. Қазір олар қартаймаған. Сүйектері сықырлап тұрмаса да, көпшілігінің жастары 30-дан асқан. Оның үстіне, ойыншыларының көбі бір-бірін көрместей деңгейде. Расымен де, бірінің әйелін екіншісі «тартып алған» жігіттерден не сұрайсыз?! Дегенмен, Катардағы мундиальда көпшілік жанкүйер Бельгияны тым құрығанда ширек финалға жетеді деп болжады. Хорватия, Марокко және Канада құрамалары бас қосқан топтан еш қиындықсыз шығатын да жөндері бар еді. Бірінші турда әуірімдеп Канаданы жеңгенімен, екінші турда күтпеген жерден Мароккодан жеңілді. Есеп – 0:2. Ал шешуші ойында Хорватияның қақпасынан саңылау таба алмады. Нәтижесінде ФИФА рейтингінде 2-ші орында тұрған бельгиялықтар берекесі қашқан командалардың тізімін толықтырды.

№1. ГЕРМАНИЯ

Ал қашанда Әлем чемпионатының басты фавориттерінің бірегейі саналатын Германия ұлттық құрамасы қатарынан екінші мундиальда топтық кезеңде сүрінді. Естеріңізде ме, 2018 жылы Ресейде өткен жаһандық додада «Бундестим» өз тобында соңғы орынды иемденген еді ғой. Одан кейін төрт жыл өтті. Толыққанды буын алмаспаса да, ойыншыларының біразы өзгерді. Катарға да немістер Әлем чемпионатының басты жұлдыздарының бірі ретінде келді. Әлем чемпионатының алдындағы «қай команда чемпион болады?» деген букмекерлердің болжамында Германия құрамасы Бразилия, Франция және Англиядан кейінгі 4-ші орында тұрды. Бірақ бірінші кездесуден-ақ немістер опық жеп, Жапониядан жеңілді. Екінші турда Испаниямен тең түсті. Ал үшінші турда Коста-Риканы жеңгенімен бәрі де кеш еді. Қатар өткен ойында жапондар жаһанды таңғалдырып, «Қызыл фурияны» жеңіп кетті. Осылайша «Бундестим» мундиальмен ерте қоштасты.

1/8-финалдық ойындардың нәтижелері:

Нидерланд – АҚШ 3:1

Голдар: Мемфис Депай, 10. Дейлин Блинд, 45. Дензел Думфрис, 81 – Хаджи Райт, 76.

Аргентина – Аустралия 2:1

Голдар: Лионель Месси, 35. Хулиен Альварес, 57 – Энцо Фернандес, 77 (АГ)

Франция – Польша 1:0

Гол: Оливье Жиру, 44.

Англия – Сенегал 3:0

Голдар: Джордан Хендерсон, 38. Харри Кейн, 45+3. Букайо Сака, 57.

Кеше Жапония – Хорватия және Бразилия – Оңтүстік Корея ойындары өтті. Бүгін түнде Марокко мен Испания және Португалия мен Швейцария құрамалары кездеседі.

БОКС

Осы күндері Павлодарда бокстан ерлер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Желтоқсанның 9-ына дейін жалғасатын біріншілікте еліміздің әр өңірінен жиналған таңдаулы 216 былғары қолғап шеберлері бақ сынайды.



БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРЛЕРІ бақ сынауда

Спортты дамыту дирекциясы таратқан ақпаратқа сүйенсек, Павлодар облысы Қазақстан тарихында үшінші рет ел чемпионатын қабылдауда. Бұған дейін 1993 жылы ел біріншілігі Екібастұзда өткен. Кейін 2016 жылы Кереку өңірі екінші рет ел чемпионатын ұйымдастырды.

ІБА ережесі бойынша Павло-

дарда 13 салмақтың (48, 51, 54, 57, 60, 63,5, 67, 71, 75,80, 86, 92, +92 кг) чемпионы мен жүлдегерлері белгілі болады. Дегенмен, Амманда өткен Азия чемпионатында атой салып, жүлдеге ие болған боксшыларға демалыс берілген. Ұлттық құрама боксшыларынан Керекуде тек Санатәлі Төлтаев бар.

ГАНДБОЛ

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ӘЛЕМДІК ДОДАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Оңтүстік Корея астанасы Сеул мен Инчон қаласында қол добынан әйелдер арасында Азия чемпионаты өтті. Шешуші ойында Үндістанды 42-31 есебімен жеңген Қазақстан құрамасы Әлем чемпионатына жолдама алды.



Чемпионатты «В» тобында бастаған біздің гандболшылар алдымен Ганконг пен Тайландты тізе бүктірді. Алайда, Қытай мен Жапонияға есе жіберіп, жартылай финалға шыға алмады. Дегенмен, Әлем чемпионатының жолдамасына таласуға әлі де мүмкіндігі бар еді, мүлт жіберген жоқ.

Соңғы жолдама үшін таласта Қазақстан әуелі 30:28 есебімен Өзбекстаннан басым түсті. Одан кейін Үндістаннан келген құрбыларынан айланып асырды. Осылайша Ұлттық құрамымыз 2023 жылғы 30 қараша мен 17 желтоқсан аралығында Дания/Норвегия/Швецияда өтетін XXVI Әлем чемпионатына жолдаманы жеңіп алды.

ЕСКЕК ЕСУ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНАН ТӨРТ ЖҮЛДЕ

Тайландтың Паттайя қаласында академиялық ескек есуден ересектер мен жастар арасындағы XXI Азия чемпионаты аяқталды. Қазақстан құрамасының спортшылары екі алтын, екі қола жүлдені еншіледі.



Алдымен жасөспірімдер арасында Мелани Жакыпова мен Анжела Полянина жұбы финалда Азия чемпионы атанды. Олар екі сақарымдық қашықтықты 8:44.600 уақытта еңсерді.

Одан кейін ересектер арасындағы жекелей жарыста Светлана Германович қола жүлдеге қол жеткізді. Бұл сында ирандық Малаи Назанин чемпион болса, одан

кейінгі сатыға қытайлық Вен Ю көтерілді.

Ертесінде бозбалалар арасында Тимур Фомичев пен Ярослав Мельников тандемі мәреге бірінші келіп, «Сары құрлық» жеңімпазы атанды. Ал бойжеткендер арасындағы командалық жарыста Медина Қоңырбасва, Варвара Белоногва, Анжела Полянина, Мелани Жакупова квартеті финалда үздік үштікті түйіндеді.

Әзиз ЖҰМАДІЛ.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 22 желтоқсан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 1159 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п., немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 20 желтоқсаны, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 30.11.2022 жылғы ұйғарымымен оңалту рәсімін қолдану туралы «ПМК-7К» ЖШС-не қатысты азаматтық іс қозғалды. БСН 051140006767, мекенжайы: Алматы қ., Ақшина к-сі, 34-үй, тел.: +7 701 755 48 53.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қарыз 5 млрд теңгеден асады

Ақылы жолға қарызы бар қазақстандықтар кейбір жолдармен жүре алмайды



Бұл туралы ҚР ИИДМ автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Жамбыл Бахтияр мәлім етті.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Аталған сома өткен жылдың 23 қарашасынан бастап, биыл 1 желтоқсан аралығында жиналды. Көлік иелері ақылы жолдар бойынша қарызын белгіленген уақытта төлеуі тиіс. Мысалы, көлік иесінің 300 мың теңге қарызы болса, ол берешегін кестеге сай 2 жыл көлемінде төлейді», – деді Жамбыл Бахтияр ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Ашық сағат алаңы» жобасының эфирінде.

Министрлік өкілінің айтуынша, қазір елімізде 2,2 мың шақырым ақылы жол бар. Жыл басынан ақылы жолдан 20 млрд теңге табыс түсті. Жиналған қаражат жолдарды күтіп ұстау мен жөндеуге жұмсалады.

«Биылға жоспарланған жаңа ақылы жолдарды енгізу кейінге қалдырылды. Себебі, тұрғындар абоненттік төлемді алып тастауды сұрап отыр. Сондай-ақ, 2 санаттағы автомобиль жолдарын ақылы етуге келсек. Бұл мәселе халықтың оң келісімінен кейін ғана шешіледі. Дегенмен, біз ақылы жолдардан бас тарта алмаймыз. Жалпы 15 желтоқсаннан бастап елімізде жаңа абоненттік төлем жүйесі енгізіледі. Ол бойынша ақылы жолдар екі түрге бөлінеді. Бірінші, жабық жүйе. Яғни «Астана-Щучинск», «Қарағанды-Астана», «Алматы-Қапшағай» тасжолдары бойынша қарызы бар көлік иелері берешегін өтегеннен кейін ғана жүре алады. Екінші ашық жүйе. Ол бойынша көлік иесі төлемеген жағдайда қарызы жинала береді», – дейді ол.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

БАКАНСИЯ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Азиялық газ құбыры» ЖШС-не:

- бөлім бастығы (тау-кен өнеркәсібі);
- автоматтандыру бойынша инженер;

• бас менеджер керек.
Тел.: 8 (727) 393-01-08, 8 775 259 77 00.

«AG DOCTOR» ЖШС-не:

- бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 263-10-74, 8 707 783 42 46.

«КМФ (КМФ)» микроқаржы ұйымы ЖШС-не:

- кредиттік менеджер керек.

Тел.: 8 (727) 333-14-37.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ орман орналастыру кәсіпорнына»:

- орман шаруашылығы инженері керек.

Тел.: 8 (727) 397-43-46, 8 777 517 02 83.

«С.А.Т. Менеджмент» ЖШС-не:

- кадр жөніндегі маман керек.

Тел.: 8 (727) 263-10-74, 8 701 783 42 46.

«FLY JET. KZ» ЖШС-не:

- заңгердің көмекшісі қажет.

Тел.: 8 (727) 291-50-67, 8 771 503 20 54.

№15 қалалық емханаға:

- дәрігер-педиатр;
- инфекционист-дәрігер керек.

Тел.: 8 (727) 256-23 67.

«Казгипроводхоз институты» өндірістік кооперативіне:

- инженер-сметашы керек.

Тел.: 8 (727) 279-35-22, 8 702 777 71 10.

«Ионосфера институты» ЖШС-не:

- бөлім меңгерушісі (ғылыми-техникалық даму);
- учаскенің электрігі;
- инженер (ғарыш);
- ғылыми қызметкер (геология саласы) керек.

Тел.: 8 (727) 380-30-54, 8 707 379 46 43.

«Атрикс-групп» ЖШС-не:

- КаМАЗ жүргізушісі қажет.

Тел.: 8 705 555 40 45.

«Грат-Строй» ЖШС-не:

- электрмен дәнекерлеуші керек.

Тел.: 8 705 555 40 45.

«Карина Папироне» ЖШС-не:

- ораушы;
- токарь;
- жүк тасушы;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- слесарь-баптаушы керек.

Тел.: 8 707 720 58 15.

«Caspian Beverage Holding» ЖШС-не:

- жүргізуші-экспедитор керек.

Тел.: 8 700 250 38 64.

«Қазпошта» ЖШС-не:

- жүргізуші-курьер;
- оператор-байланысшы;
- кадр бөлімнің инспекторы қажет.

Тел.: 8 707 993 09 63.

«Space Immune Clinic» медициналық орталығына:

- call-centr операторы;
- сату жөніндегі менеджер қажет.

Тел.: 8 708 722 00 88.

«Алейроп» ЖШС-не:

- күзетші;
- менеджерлер;
- мамандар керек.

Тел.: 8 777 113 42 43.

Аймақтық диагностика орталығына:

- кеңсе менеджері;
- санитарка қажет.

Тел.: 8 777 016 74 51.

«Беккер и К» ЖШС-не:

- сатушылар;
- кассирлер;
- жапсырушылар;
- нан илеушілер керек.

Тел.: 8 701 888 10 71.

«МБА ҚАРЖЫ ҚАЗАҚСТАН»:

- өндіріп алу жөніндегі инспекторлар;
- call-centr операторын іздейді.

Тел.: 8 705 832 30 55.

«ОБИС» ЖШС-не:

- өндіріс операторлары;
- ораушылар;
- тасымалдаушылар;
- жүргізуші-экспедитор;
- араластырушылар;
- коймашы;
- сауда өкілі;
- аула сыпырушы;
- құрылысшы;
- ағаш ұстасы;
- учаскенің электрігі,
- үй-жайларды тазалаушы керек.

Тел.: 8 701 710 50 35, 8 701 220 88 14.

СІЗГЕ СӘТТІЛІК

ТІЛЕЙМІЗ!

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директорының шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

Қазір еліміз бойынша соғым маусымы басталып кетті. Етсіз дастарханын елестете алмайтын қазақ үшін бұл – қонақ шақырып, ет сүрлеп, қазы айналдыратын уақыт. Ежелден төрт түлік малды баптап, етін жеп, сүтін ішіп, тіршілік еткен халқымыз соғым союдың, етті сақтаудың жөн-жосығын жақсы білген.

Қазақ халқы үшін соғымның еті – береке-бірліктің асы. Халқымыз төрт маусымда да соғым сояды. Алайда, қысқа салым сойылатын түйе, жылқы, сиыр секілді ірі қара малын күзде семіртіп, алдын ала әзірлеген. Соғым-басы – қазақтың ерекше дәстүрлерінің бірі. Соғым соярда бүкіл туған-туыс бас қосып, көрші-қонақ шақырылып, үлкеннің батасы алынады. Бай-қуатты адамдар соғым сойғанда етті кедей-кепшікке таратып, үлкен сауап алған.

«Соғымды сойғаннан кейін қуырдақ қуырып қонақ шақырады. Бастапқыда соғым сойып бергендерді қонақ етіп күтсе, кейін туған-туыстарды, көршілерді, дос-жарандарды, ағайындарды қонаққа шақырады. Негізінен, соғымның әр жілігінің өз иесі бар. Қазақ кезінде туыстарға, күйеу бала мен келіндерге соғымның бір бөлігін сақтап, асып қойған немесе сол сыбағаны беріп жіберетін болған және ол малдың сүйегін тастамаған, жерге көміп тастаған. Бас сүйектерді биікке іліп қойған», – дейді этнограф Болат Бопайұлы.

Бас тарту жайлы білесіз бе?

Қазақ салтында сыйлы қонақтар мен алыстан арнайы келген құрметті кісілерге бас тарту – оларды қадір тұтудың бір белгісі.

Ірі қара малдың бас терісін сыпырады. Қойдың, ешкінің басын, кейде сиырдың да басын үйітеді, содан соң жақсылап жуып тазалайды. Жағын бөледі, тістерін қағады. Жылқы мен түйенің басын бұрын ата-бабаларымыз бөлмей асқан. Өйткені, бұл екеуін қазақ қасиетті, киелі мал деп есептеген. Ал сиырдың басын екіге бөліп асады. Беделді, елге сыйлы кісілерге ешкі соймайды, ешкінің басын табаққа салып ұсынбайды. Басты қонақтарға ұсынғанда табаққа салып, тұмсық жағымен апарады. Пышақты сап жағымен ұсынады. Бас ұстаған кісі оның құйқасын, етін, көзін, құлағын әрбір адамға үлестіреді де, бір көзін қалдырып үй иесіне береді. Бір қызық ғұрып бар: ол қанша құрметті, жасы үлкен кісі болса да, әкесі бар болса, бас ұстамайды. «Бас ұстаса әкесі өліп қалады» деген ырым бар қазақ халқында. Бастың рәсімі аяқталғанша ет те туралып болады.



Соғым шүйгін болсын!

Тамақты әдетте сыйлы қонақ немесе жасы, жолы үлкен адам бастап жейді.

Сүр еттің дәмі таңдайдан кетпес

Жас еттің құрамына қарағанда сүр еттің дәрумендері құнарлы болады. Қазақ халқы етті сүрлеудің бірнеше тәсілін қолданған.

Қарын-сүрме. Бұл тәсіл – етті қарынға тығып сақтау арқылы жүзеге асады. Соғым кезінде ет қорын молайту үшін сиырдың немесе қойдың еті тұздалып, сол күйінде қарынға салынады. Мұндай еттің қан-сөлі өзіне сіңіп, қыс аяғына дейін қатып жата береді. Кей жерлерде етті күбіге, ағаш бөшкеге салып тұздайды да, сақтап, қажет кезінде жібітіп ала береді.

Тұздап сүрлеу. Соғымның сұрпы еті ғана емес, қазысы мен қартасы, жалы мен жаясы, омыртқасы мен төс еті де сүрленеді. Оңтүстік, батыс өңірдегі қазақтар етті ыстамай, тұздап қана сүрлеуді әдетке айналдырған. Сүрлеудің осы соңғы түрі – етті күн көзіне тигізбей, салқын жерде кептіріп алу. Сүрленген ет үсімейді, борсымайды, дәмді болады.

Ыстап сүрлеу. Етті бұлай сүрлеуде сарғыштау түтін жасайды. От лапылдап жанбай, жай ғана бықсыды. Сосын сырықтарға асылған еттерді шошала ішінде ұйытқыған түгінде ыстайды. Ыстап сүрленетін ет онша қалың қақталмай, біріне-біріне тигізбей, арасына жел, түтін еркін тиетіндей етіп іледі де, ыстайды. Ет әбден тобарсыған кезде арнайы шошалаға апарып қайта іледі де, түтін салып, есігін жауып тастайды. Түтін көп салынса, ет дәмсізденіп, құрым татып кетеді. Сол себепті, белгілі мөлшерде ғана ыс сіңіріледі.

• **Қайнатып алып кептіру.** Ет сүрлеудің бұл түрі жазда пайдаланылады. Етті жұкалап қақтайды, киіз үйдің іргесінде, көлеңкелі орында шыбын қондырмай, негізінен, кешкі салқында іліп қояды. Жас етке тұз сіңген соң оны қазанда бір қайнатып алып, кептіреді. Жазда шыбын қонбас үшін етке құнбағыс немесе макта майын жағып, қара бұрыш себеді.

• **Қардың астына көму.** Жас етті қардың астына көміп тастайды, қар ерімей тұрып қайта қазып алады. Мұндай ет өзінің бастапқы жас қалпын сақтап, жаңа сойғандай болады. Бұл әдісті көбінесе жылқышылар қолданған. Жалпы, сойылған етті бұзбай, тұтастай қар астына тастаса, тіпті жақсы.

• **Ұн ішінде сүрлеу.** Құла-құлағи тәрізді туған-туыстар соғымнан ауыз тимесе, олардың сыбағасы (жал, жая, қазы, қарта, шұжық, омыртқа, майлы ет) қаптағы ұнның ішіне тереңірек салынып, ортасынан ұнға жуылған таза сом темір шанышп қойылады.

• **Малды үйітіп сақтау.** Соғымға жылқы, сиыр, түйе соя алмағандар бір-екі ісегін (қозы кезінде тарттырылған еркек қойын) немесе бүйрегі бітеу тайыншасын сойып, терісін сыпырмай, үйітіп алып сақтайды. Бір май, бір етпен, терісімен араласып піскен ет өте дәмді болады.

Табақ тарту ретін біле жүріңіз!

Ата-бабаларымыз қонақтардың мәртебесіне қарай табақ тартуға аса мән берген. Әр қонақтың табағына кәделі мүшелер салынады.

Бас табақ

Бас табаққа бас, жамбас, омыртқа, қазы-қарта, жал, жая сияқты кәделі мүшелер салынады. Басты қонақтың ең жасы үлкені немесе оның ұсынуы бойынша басқа бір беделді кісі ұстайды.

Сый табақ

Сый табақ негізінен құдалық рәсім кезінде тартылады. Бас, жамбас, басқа да кәделі мүшелер қонақтың жасына, туыстық қатынасына қарай салынады.

Орта табақ

Орта табаққа асықты жілік, ортан жілік, кейде жамбас та түседі.

Аяқ табақ

Аяқ табаққа кәрі жілік, жауырын, күн жілік сияқты еттің басқа да мүшелері салынып, ауыл адамдарына қойылады.

Күйеу табақ

Күйеу табаққа бір сан жілік (асықты жілік) пен төс салынады.

Келін табақ

Келін табаққа ұлтабар және жүрек салынады.

Қыздар табағы

Қыздар табағына жүрек, бүйрек салынады.

Құдағилар табағы

Жамбас немесе асық жілік пен сүбе, жақ құдағилар табағына салынатын негізгі мүшелер.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

ТАЛБЕСІК

Зообақтың жаңа тұрғындары



АЛМАТЫ. Хайуанаттар бағына ақ кеуделі екі туکان әкелінді. Оның видеосы зообақтың Instagram парақшасында жарияланды.

«Олар Армения астанасы – Ереван қаласынан әкелінді. Олар әлі кішкентай, екі жаста. Қазір олар аквариум жанындағы «Құстар үйінде» тұрады. Тоқылдақ тәрізділер класына жататын, тұмсығы мүйізге ұқсас бұл құстардың отаны – Оңтүстік Америка ормандары», – дейді хайуанаттар бағының өкілдері. Сондай-ақ, олар зообақта туқандардың вольерге тез үйреніп, көпшіліктің сан көзін де жатсынбай, өздерін күтуші киперлермен де достасып алғанын айтады.

Олар банан, апельсин сияқты жемістермен қатар, тышқан, құс жұмыртқаларымен қоректенеді екен. Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген ақ кеуделі туқандар жалпы 20 жыл өмір сүреді.



Құстар қырылып қалған

АҚШ. Биылғы ақпанда құс тұмауынан 50 млн-нан астам құс қырылып қалған. Олардың 85%-ы жабайы қанаттылар екен.

Құстардың осылайша жаппай қырылуының бұған дейінгі ең жоғары көрсеткіші 2015 жылы тіркелген деседі.

Бұл дағдарыс АҚШ-та жұмыртқа мен күректеулік етінің қымбаттауына әкелген. Кейбір супермаркеттерде жұмыртқа жоқ. Таңға асқа қуырылған жұмыртқа жейтіндерге қиын тиіп жатқан секілді.

Жұмыртқасын 2 сағат қайнатасыз

ӘЛЕМДЕ. Тіршілік ететін құстардың 10 700-ге таяу түрі бар екен. Сол құстар туралы қызықты мәліметтермен бөлісейік.

Түйеқұстың жұмыртқасын пісіру үшін 1,5-2 сағат қайнату керек. Мәссаған, оған дейін қазанға салған етіміз де пісіп болады ғой. Бұл құстың салмағы 130 келіге жетуі мүмкін. Оның көзіне қарағанда миы үлкен. Олар 50 жасқа дейін өмір сүреді. Үкі бүйіріндегіні көре алмайды, сондықтан басын толығымен айналдырып барып қарайды. Мойнында 14 омыртқа болады. Құстың жүрегі ұшу кезінде минутына 1000 рет, ал тынығу сәтінде минутына 400 рет соғады. Қара жүйрік деген құс 4 жылға дейін тоқтаусыз ұша алады екен. Ал ең жылдам құс – сұңқар. Колибри – артқа қарай ұша алатын жалғыз құс. Ол әр 10 минут сайын тамақтанады.

Құстар терлемейді. Торғайдың салмағы 100 гр, ал миы 4,5 гр. Шағала тұзды суды қиындықсыз іше береді. Себебі, оның бездері тұзды сүзіп алатын қабілетке ие. Жер бетінде ең көп кездесетін құстар – тауықтар. Құстар динозаврлардан дамыды дегенге сену қиын, ә?! Австралияда кокиз 83 жасқа дейін өмір сүре алды, содан кейін эвтаназияланады, яғни қолдан өлтіріледі. Жер бетіндегі құстардың 6 түрі улы екен.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

